


---

**«БЕЛСЕНДІ СТУДЕНТ»  
КАТЕГОРИЯСЫН АНЫҚТАУ ЕРЕЖЕСІ**

Ақтөбе қаласы  
2020 жыл

**1. ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ:**

Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директоры  
Қ.Т.Сатыбалдина 

**БЕКІТТІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ:** «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ-ның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде (№1 хаттама, 28 тамыз 2020 жыл) ректормен бекітілген.

**2. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ:** Жаңасын ауыстырғанға дейін

**3. АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ 2.0 нұсқа**

Осы ереже «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Осы ереже «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға беріледі.

## **I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ**

Университет белсенді студенті туралы осы ереже студенттік өзін-өзі басқарудағы Студенттік Парламент қызметінің мәртебесі мен мақсатын анықтайды.

Университеттің Студенттік Парламент құрамына барлық бағыттар бойынша студенттік ұйымдар кіреді (*клубтар, үйірмелер, спорттық секциялар*). Студенттік ұйымдар қызметі студенттердің шығармашылық потенциалы мен креативті және құзыретті тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған.

Нақты критерийлер арқылы белсенді студенттерді анықтау бүгінгі күннің қажеттілігі. Ережеде көрсетілген критерилар жалпы университеттік ережелерге сәйкес негізделеді және қазіргі заманауи жастар саясатынан көрініс табады.

Бұл ереже белсенді студенттің категориясын анықтайды және барлық факультет декандары белсенді студент статусын беруде басшылық алады.

## **II. МАҚСАТЫ**

2.1. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті студенттерінің өзін-өзі басқару жұмысын күшейту, белсенді студенттер қатарын арттыру.

## **III. МІНДЕТТЕРІ**

3.1. Университет белсенді студенттерін анықтау;

3.2. Студенттер бойында адамзаттық белсенділікті қалыптастыру, жоғары адамгершілік сапалары мен рухани құндылықтарының дамуына қарқынды ықпал ету;

3.3. Студенттердің қоғамдық-мәдени, ғылыми шығармашылық және спорттық салалары бойынша қабілеттерін анықтау.

3.4. Студенттердің ұжымдық жауапкершілік сезімін бекіту және қалыптастыру.

## **IV. БЕЛСЕНДІ СТУДЕНТКЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

### **4.1. Міндетті талаптары:**

- Университеттің тәрбие жұмысы тұжырымдамасын білуі тиіс;
- Университеттің стратегиясын білуі қажет ;
- Университеттің ішкі тәртіп ережесін білуі керек;
- Студенттік парламент ережесін білуі тиіс;
- Студенттер үйі туралы ережені білуі қажет;
- Студенттік тәртіптік кеңес ережесін білуі керек;

- Оқу үлгерімі мен сабаққа қатысымы жақсы болуы тиіс;
- Мемлекеттік тілді және орыс тілін толық меңгерген болуы керек;
- Өз дағдыларын әрі қарай үнемі жетілдіріп отыруы үшін өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі тәрбиелеудің негізін қалауы керек;
- Құқық бұзушылыққа және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидасын ұстануы керек;
- Оқытушылармен, студенттермен, университет әкімшілігі арасындағы ынтымақтастық жақын қарым-қатынаста, өзара түсіністікке болуы қажет;
- Өз брендин қалыптастырушы және салауатты өмір салтын ұстанушы болуы тиіс;
- Ғылыми – зерттеу әрекет дағдыларын игерген және өзінің белгілі бір ғылым саласындағы білімін жетілдіруге талпынған зерттеу білігі мен дағдысы болуы қажет;
- Тәртіп бұзушылық әдеттерінен аулақ болуы тиіс;
- Қоғамдық ортада өзін-өзі ұстау және көпшілік алдында сөйлеу мәнері жоғары болуы қажет;
- Өзі немесе басқалар өткізген шараға деген мағлұматтылығы, нақтылық, жинақылық, мұқияттылық болуы керек;
- Клубтардың немесе ұйымдардың жұмыс сапасын жақсарту мақсатында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуі қажет;
- Республикалық, қалалық және аудандық форумдарда, жиындарда, кездесулерде, конференцияларда университеттің студент жастарының өкілі ретінде қатысуы тиіс.

#### **4.2. Дағдыларды меңгеруі:**

- Университет имиджін көтеруге арналған іс-шараларды ұйымдастыруы немесе қатысуы тиіс;
- Студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруға ат салысуы керек;
- Студенттік ұжымдардың арасында шығармашылықты, өзара жәрдемдесуді, оқуға деген зерделі көсқарасты қалыптастыруы керек;
- Интеллектуалдық бастама мен ойлауды дамыту үшін психологиялық тренингтер өткізуі қажет;
- Сабақтан тыс уақытта қайырымдылық шаралармен немесе ерікті қызметімен айналысуы керек;
- Әлеуметтік желі парақшаларында маңызды оқиғаларға қатысты немесе жалпы азаматтық құндылықтарды кеңінен насихаттаушы ретінде өз пікірін білдіріп арнайы постарын шығаруы қажет;
- Студенттердің құқықтары мен міндеттерін танытуы, талас, жанжал тудыратын мәселелерді шешуге қатысуы керек;
- Өзін заманға сай сауаттылықтарын арттыруға ұмтылған жоғары азаматтық жауапкершілігі болуы қажет;

- Оқу-әдістемелік жиындардың жұмыстарына, шығармашылық экспедицияларға, ғылыми конференцияларға, ғылыми жарыстарға белсенді қатысуы керек.

#### **4.3. Мүшелікте болуы:**

- Университеттің студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктердің мүшесі болуы керек;

- Университеттік клубтарға, ұйымдарға студенттерді тартуы қажет;

- Шығармашылық белсенділікті арттыру бойынша студенттің бойында ынталандырушы, бағыттаушы және ұйымдастырушы әдістері болуы керек.

### **V. ӨЗГЕ ДЕ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ**

Өзінің жұмысын жүзеге асыру кезінде әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментімен, факультет декандарымен, тәрбие жұмысы жөніндегі декан орынбасарларымен, студенттік парламентпен, клуб немесе ұйым басшыларымен, оның құрамындағы барлық командалармен, студенттік деканаттармен және университеттің басқа да бөлімдерімен бірлесе отырып жұмыс жасайды.

### **КЕЛІСІЛДІ**

Басқарма мүшесі, стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректор



Бекбаева А.У.

Басқарма мүшесі, әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор



Бердыбаев Н.М.

Персоналды басқару және құжат айналымы басқармасы қызметінің бастығы



Есеналина Л.С.

Заңгер



Алиманова Л.Б.